

Кәсіптік стандарттарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 404 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 19 наурызда № 9241 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау" кәсіптік стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Гидрогеология және инженерлік геология" кәсіптік стандарты;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау" кәсіптік стандарты;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы" кәсіптік стандарты;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Пайдалы қазбалар кен орындарының жерасты қазу" кәсіптік -стандарты;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Пайдалы қазбалар кен орындарының ашық қазу" кәсіптік стандарты;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Тау-кен электр механикалық жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне (Б.Қ.Нұрабаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

- 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануын;

Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице—министрі Н. Е. Сауранбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасы Индустрия

және жаңа технологиялар министрі

Ә. Исекешев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

еңбек және халықты

элеуметтік қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова

2014 ж. 11 ақпан

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасы Индустрия

және

жаңа технологиялар министрінің

2013 жылғы 09 желтоқсандағы

№ 404 Бұйрығына 1-қосымша

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау" кәсіптік стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):

1) еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жанартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

2) қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

3) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған;

2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:

- 1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;
- 2) ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;
- 3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
- 4) кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б. функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы.

3) еңбек қызметінің түрі – кәсіптік қызметтің негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін құрамдас бөлігі;

4) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

5) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

6) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

7) жұмыс (кәсіп) тобы – жұмыстың ұқсас түрлерін біріктіретін кәсіби жұмыстар саласы;

8) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қаблеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері (24 желтоқсан 2013 жылы НҚА мемлекеттік тіркеу реестрінде № 9018 тіркелген ИЖТМ 22 қараша 2013 жылғы "Геология" саласында салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы" № 371 бұйрығы);

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;

ҚР МЖ 01-2005 – "Қызметтердің жіктеуіші" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші;

ҰБС - Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілері лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамалары.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіби қызмет саласы): "Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау".

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу және барлаудың геофизикалық әдістері.

Кәсіби стандарт пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу және барлаудың геофизикалық әдістері саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкерлердің біліктілігі мен кұзыретіне қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1 Қосымшасында көрсетілді.

Стандарт талаптары осы саланың келесі қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады: геофизикалық жұмыстардағы жұмысшы; каротаждау станциясының машинисі, геофизикалық аппаратура реттеушісі, каротажшы, зертханашы-радиометрист, техник-геофизик.

3. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіп) карточкалары

Параграф 1. Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы

9. СБШ – 1-2 бойынша біліктілік деңгейі.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы: геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшыю

11. "Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы" кәсібі субъектіні далалық геофизикалық зерттеу жүргізу кезіндегі қосалқы операциялар сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

12. Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

13. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 2 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

14. Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшының орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 2 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

15. Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшының құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 2. Каротаждау станциясының машинисі

16. СБШ – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

17. Мүмкін болатын лауазым атауы: каротаждау станциясының машинисі.

18. "Каротаждау станциясының машинисі" кәсібі субъектіні станциялар мен көтергіштерді тасымалдау мен жұмысқа дайындау сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

19. Каротаждау станциясының машинисінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

20. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 3 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

21. Каротаждау станциясының машинисінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 3 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

22. Каротаждау станциясының машинисінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 3 Қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

Параграф 3. Геофизикалық аппаратура реттеушісі

23. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

24. Мүмкін болатын лауазым атауы: геофизикалық аппаратура реттеушісі.

25. "Геофизикалық аппаратура реттеушісі" кәсібі субъектіні геофизикалық аппаратураны жөндеу, реттеу және баптау сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

26. Геофизикалық аппаратура реттеушісінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

27. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 4 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

28. Геофизикалық аппаратура реттеушісінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 4 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

29. Геофизикалық аппаратура реттеушісінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 4 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 4. Каротажшы

30. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

31. Мүмкін болатын лауазым атауы: каротажшы

32. "Каротажшы" кәсібі субъектіні ату-жару жұмыстарын, геофизикалық зерттеулерді жүргізу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

33. Каротажшының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

34. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 5 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

35. Каротажшының орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 5 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

36. Каротажшының құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 5 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 5. Зертханашы-радиометрист

37. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

38. Мүмкін болатын лауазым атауы: зертханашы-радиометрист

39. "Зертханашы-радиометрист" кәсібі субъектіні радиометрлік зерттеу жүргізу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

40. Зертханашы-радиометристтің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

41. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 6 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

42. Зертханашы-радиометристтің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 6 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

43. Зертханашы-радиометристтің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 6 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 5. Техник-геофизик

44. СБШ – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

45. Мүмкін болатын лауазым атауы: техник-геофизик

46. "Техник-геофизик" кәсібі субъектіні далалық және камеральдық геофизикалық зерттеу жүргізу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

47. Техник-геофизиктің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

48. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 6 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

49. Техник-геофизиктің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 7 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

50. Техник-геофизиктің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 7 Қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

"Personnel Recruitment Center "Career-Holdings" ЖШС

6. Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісілген күні
Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің техникалық және кәсіптік білімді және кадрлар даярлауды дамыту бойынша салалық кеңес	

7. Кәсіптік стандарттың сараптамасы және тіркелуі

Осы кәсіптік стандарт _____ бекітілді және тіркелді.

Кәсіптік стандарттар тізіліміне енгізілді. Тіркеу № _____

Хат (хаттама) № _____ Күні _____

—

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау"
кәсіби стандартына 1 Қосымша

Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

Р/н	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы	01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес кәсіп атауы	СБШ біліктілік деңгейі
1.	Далалық геофизикалық	Геофизикалық жұмыстармен	Геофизикалық жұмыстармен	1-2

	зерттеу жүргізу кезіндегі қосалқы операциялар	айналысатын жұмысшы	айналысатын жұмысшы	
2.	Станциялар мен көтергіштерді тасымалдау мен жұмысқа дайындау	Каротаждау станциясының машинисі	Каротаждау станциясының машинисі	3
3	Геофизикалық аппаратураны жөндеу, реттеу және баптау	Геофизикалық аппаратура реттеушісі	Геофизикалық аппаратура реттеушісі	3-4
4	Ату-жару жұмыстарын, геофизикалық зерттеулерді жүргізу	Каротажшы	Каротажшы	3-4
5	Радиометрлік зерттеу жүргізу	Зертханашы-радиометрист	Зертханашы-радиометрист	3-4
6	Далалық және камеральдық геофизикалық зерттеу жүргізу	Техник-геофизик	Техник-геофизик	4

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау"
кәсіби стандартына 2 Қосымша

Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптаушы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптаушы	
Базалық топ	7610 "Геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар"
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	5-шығаралым, 2-бөлім Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар, 2012 жылғы 9 сәуір, №124-ө-м
БТБА бойынша мамандық	Геологиялық жұмыстардағы жұмысшы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
1-2	2-4

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Экономиканың әр түрлі салаларына (мұнай-газ, тау-кен өндіру, инженерлік құрылыстар салу, экология және т.б.) геологиялық қызметтер көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар
--------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Далалық еңбек жағдайы. Ауырды көтеру, жоғары немесе төмен ауа температурасы және ылғалдылық, күн сәулесі
Жұмысқа рұқсат беру		ҚР Заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Практикалық тәжірибе не/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқау) не/немесе бастауыштан кем емес орта білімі болған кезде қысқа мерзімді курстар.	Талап етілмейді
2	Практикалық тәжірибе не/немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) не /немесе ересектерді қайта даярлау	1-деңгейде 1 жыл

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Бақылау жүйесі мен жабдықты геофизикалық жұмыстарға дайындау
2	Далалық жұмыстарды жерегі, ұңғымалық және жерасты геофизикалық әдістермен жүргізу
3	Жабдықты бөлшектеу және далалық геологиялық жұмыстардың салдарларын жою

4 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясы №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Геофизикалық құрал-сайман мен жабдық, шанц аспаптары	Құрал-сайман мен жабдықты орау, тасымалдау схемалары, және оны жұмыс орнында орналастыру схемалары.	1-1) Геофизикалық жабдықты тиеу, оны жұмыс орнына тасымалдау және жектізілгеннен кейін түсіру. Дала лагерінің алаңы мен тұрақ орындарын дайындау.
	Шартты белгілер (қазық, ілгіш), рулетка	Геофизикалық жұмыстарды жүргізу схемалары мен жоспарлары	1-2) Орналастыру-тіркеу жұмыстары - жобалау орнына тіркеу және сәуле шығару нүктелерін сондай-ақ геофизикалық бақылау нүктелерін ауыстыру,
	Геофизикалық тіркеу аспаптары (датчиктер) және физикалық өріс сәулесін шығарғыштар,	Құрал-саймандар (тістеуік, бұрауыш және басқ.), бақылау-өлшеу	1-3) Геофизикалық жабдықты, аппаратура мен аспаптарды далалық

	каротаждық кабель, байланыс торабының сымдары, сейсмикалық, электрлік барлау және көмекші тораптар	аспаптары (тестерлер, омметрлер)	жұмыстарға құрастыру және даярлауға қатысу (профилактикалық қызмет көрсету және жөндеу, қуат беру көзіне қосу).
2	Геофизикалық тіркеу аспаптары және физикалық өріс сәулесін шығарғыштар, байланыс торабының сымдары, сейсмикалық, электрлік барлау және көмекші тораптар	Далалық жұмыстардың әдістемесі және геофизикалық өрісті қадағалау схемасы	2-1) Тіркеу аспаптары мен физикалық өрістің сәуле шығарғышын профильге орналастыру және оларды жалғау торабына қосу. Олардың орналасуы және іске қосылуы сапасын тексеру. Тіркеу аспаптары мен физикалық өрістің сәуле шығарғышын және жалғау тораптарын жұмыс процесінде ауыстыру.
			2-2) Ұңғыма сағасына аспаптар мен аппаратты орнату. Ұңғымалық геофизикалық жұмыстарды (каротаж) орындауға қатысу
			2-3) Тау-кен өндірісінің бакылау нүктелерін дайындау (теспені бұрғылау, алаңдарды тазалау). Тіркеу аспаптары мен физикалық өрістің сәуле шығарғышын профильге орналастыру және оларды жалғау торабына қосу. Тіркеу аспаптары мен физикалық өрістің сәуле шығарғышын және жалғау тораптарын жұмыс процесінде ауыстыру.
3	Геофизикалық жабдық	Геофизикалық жұмыстарды тоқтату схемасы	1-1) Геофизикалық жабдықтар мен аспаптарды бөлшектеу, оларды тасымалдауға дайындау
	Тұрақ орны, өлшеу және жару орны (ұңғыма, теспе ұңғыма)	Жою схемасы, бекіністік құрал-саймандар	1-2) Сейсмикалық жұмыстар кезінде геофизикалық жабдық тұрақтарын және алаңдарын алып тастау,

			бұрғылау-жару жұмыстарының салдарларын жою
	Геофизикалық аспаптар (датчиктер), жабдық, станция	ГФ жабдықты тасымалдау схемасы	1-3) ГФ жабдықты тиеу

5 Кесте. СБШ 1-деңгейі Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білім
1-1) 2-1) 3-1) 3-2)	Геофизикалық зерттеулерді жүргізуге арналған алаңдарды даярлау және геофизикалық жұмыстарды аяқтау процестерін іске асыру кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжайтын, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет.	Тиеу-түсіру жұмыстарына практикалық дағдысы Слесарь құрал-саймандарымен практикалық жұмыс істеу дағдысы Алғашқы көмек көрсете білу	Геофизикалық аппаратураны, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, тасымалдау және сақтау қағидасы, құрастыру құрал-саймандарымен негізгі жұмыс істеу тәсілдері. Слесарь құрал-саймандарымен негізгі жұмыс істеу тәсілдері

6 Кесте. СБШ 2-деңгейі геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білімі
1-2) 1-3)	Геофизикалық жер үсті зерттеулерін жүргізуге арналған техникалық және өзге құралдарды дайындау процестерін іске асыру кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжайтын, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет.	Топографиялық карталармен және тау-кен жұмыстарының жоспарларымен жұмыс істеу дағдысы, жергілікті жердің қашықтығына геодезиялық аспаптардың көмегімен өлшеу жүргізу. Слесарлық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптарымен практикалық жұмыс істеу дағдысы. Электрлік тізбектердегі (желілердегі) ақауларды анықтаудың практикалық тәжірибесі	Топография, жергілікті қадағалау нүктелерін белгілеу жүйесі, сонымен қатар тау-кен өндірісі бойынша негізгі мәліметтер. Геофизикалық жұмыстарда қолданылатын жабдықтар мен материалдарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттар. Бақылау-өлшеу аспаптарымен жұмыс істеу тәсілдері. Құрастыру аспаптарымен және оқшаулау

			материалдарымен жұмыс істеу қағидасы.
2-2) 2-3)	Ұңғымалық және геофизикалық жер асты зерттеулерін жүргізу процестерін іске асыру кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжайтын, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Тау-кен өндірісінен хабардар болу. Тау-кен бұрғылау қол сайманымен практикалық жұмыс істеу дағдысы	Геология, ұңғыма құрылысы және тау-кен өндірісі, геофизикалық жұмыстардың міндеттері мен әдістемесі, жер асты геофизикалық жұмыстардың өндірістік процестерін ұйымдастыру және орындау технологиясы туралы негізгі мәліметтер. Электр тізбектерді монтаждаудың негізгі тәсілдері.

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау"
кәсіби стандартына 3 Қосымша

Каротаждау станциясының машинисі

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптаушы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптаушы	
Базалық топ	7610 "Геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар кәсіптері"
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	5-шығаралым, 2-бөлім Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар, 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 124-ө-м (ӘМ 2012.02.05. №7611)
БТБА бойынша мамандық	Каротаждау станциясының машинисі
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	2-5

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Экономиканың әр түрлі салаларына (мұнай-газ, тау-кен өндіру, инженерлік құрылыстар салу, экология және т.б.) геологиялық қызметтер көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Далалық еңбек жағдайы. Ауыр көтеру, жоғары немесе төмен ауа температурасы және ылғалдылық, күн сәулесі
Жұмысқа рұқсат беру	ҚР Заңнамасына сәйкес

СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы 1-деңгейінде 1 жыл

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Ұңғымалық жабдықтарды геофизикалық зерттеулерге дайындау
2	Далалық ұңғымалық геофизикалық зерттеу әдістерін жүргізу
3	Ұңғымалық геофизикалық жабдықты бөлшектеу және далалық жұмыс салдарларын жою

4 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясы №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Ұңғымалық геофизикалық жарақ, жабдықтар, аспаптар және аппаратура.	Көтергіші бар каротаждық станция	1-1) Жабдықтарды, аппаратураны және құралдарды тиеу, түсіру және тасымалдау. Станциялар мен көтергіштерді тасымалдауға дайындау.
			1-2) Каротаждық станция үшін алаң таңдау және дайындау. Зертхана, генераторлық топ және көтергіш орнату. Станцияны күш беретін жарықтандыратын желіге қосу.
			1-3) Каротаждық станция мен көтергіштерді геофизикалық зерттеу жүргізуге даярлау
			2-1) Тереңдігі 1000 метрге дейінгі ұңғымаларда геофизикалық зерттеу және ату-жару жұмыстарын жүргізу кезінде каротаждық станция мен көтергішті басқару. Аппаратураны (

2	Ұңғымалық геофизикалық жарак, жабдықтар, аспаптар және аппаратура.	Көтергіші бар каротаждық станция	<p>аспаптарды) ұңғымаға түсіру және көтеру.</p> <p>2-2) Тереңдігі 1000 метрден артық және 4000 метрге дейінгі ұңғымаларда геофизикалық зерттеу және ату-жару жұмыстарын жүргізу кезінде каротаждық станция мен көтергішті басқару. Аппаратураны (аспаптарды) ұңғымаға түсіру және көтеру.</p> <p>2-3) Тереңдігі 5000 метрден артық ұңғымаларда геофизикалық зерттеу және ату-жару жұмыстарын жүргізу кезінде каротаждық станция мен көтергішті басқару. Аппаратураны (аспаптарды) ұңғымаға түсіру және көтеру.</p>
3	Ұңғымалық геофизикалық жарак, жабдықтар, аспаптар және аппаратура.	Көтергіші бар каротаждық станция	<p>3-1) Ұңғымалық жабдықты бөлшектеу және каротаждық станция мен көтергішті тасымалдауға дайындау.</p> <p>3-2) Станцияларға, зертханаларға, көтергіштерге, жұқарбаларға, іштен жану қозғалтқыштарына және генераторларға ауысым сайын және жоспарлы техникалық қызмет көрсету және күнделікті жөндеу жұмыстарын орындау және оларға қатысу, электролитті ауыстыру және аккумуляторларды зарядтау.</p>

5 Кесте. СБШ 3-деңгейі каротаждау станциясының машинисі құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білім

<p>1-1) 1-2) 1-3) 3-1) 3-2) 2-1) 2-2) 2-3)</p>	<p>Геофизикалық зерттеулерін жүргізу процестерін іске асыру кезіндегі шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжайтын, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет</p>	<p>Тиеу-түсіру жұмыстарының практикалық дағдылары. Ұңғымалық геофизикалық жарақпен жұмыс істей білу. Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және ішкі тәртіп қағидаларының талаптарын орындау. Жұмыс орнында және өнірістік аймақта санитарлық-техникалық режені ұстану. Жазатайым оқиғаларда дәрігерге дейінгі көмекті көрсете білу.</p>	<p>Аккумуляторларды зарядтау қағидасы және тәртібі, жерге қосу құрылысы және желідегі ақауларды іздеп табу тәсілдері, бензоқозғалтқыштың, генератордың және станцияның көмекші механизмдерінің бұзылу белгілері және оларды жою тәсілдері. Каротаждық станция жабдықтарына ауысым сайын және күнделікті техникалық қызмет көрсету және жоспарлы жөндеу қағидасы, жабдықтар, аппаратуралар, генераторлар және станциялардың түрлері және техникалық сипаттамасы, кабельдер мен сымдардың маркасы, электртехника негізі, жару жұмыстарын жүргізу тәртібі мен қағидасы</p>
		<p>Бақылау-өлшеу аспаптарымен және аппаратурамен, дәнекерлегіш және басқа да құрастыру аспаптарымен практикалық жұмыс істеу дағдылары</p>	<p>Ұңғымалық құрылысы, ұңғымаларда геофизикалық зерттеу жүргізу тәртібі, аппараттарды түсіру және көтеру қағидасы, каротаждық-перфораторлық жабдықты және аппаратураны тасымалдау қағидасы, олардың құрылысы және пайдалану қағидасы.</p>

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау"
кәсіби стандартына 4 Қосымша

Геофизикалық аппаратура реттеушісі

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптауышы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышы	
Базалық топ	7610 "Геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар кәсіптері"

ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	5-шығаралым, 2-бөлім Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар, 2012 жылғы 9 сәуірдегі №124-ө-м (ӘМ 2012.02.05. №7611)
БТБА бойынша мамандық	Геофизикалық аппаратураны реттеуші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3,4	5 6-7

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Экономиканың әр түрлі салаларына (мұнай-газ, тау-кен өндіру, инженерлік құрылыстар салу, экология және т.б.) геологиялық қызметтер көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Далалық еңбек жағдайы. Ауыр көтеру, жоғары немесе төмен ауа температурасы және ылғалдылық, күн сәулесі	
Жұмысқа рұқсат беру	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Талап етілмейді
4	Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 1 жыл

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы
1	Геофизикалық жабдықтарды, аспаптарды және аппаратураны далалық жұмыстарға құрастыру және дайындау
2	Далалық жұмыстар процесінде геофизикалық жабдықты жөндеу және баптау
3	Геофизикалық жабдықтарды, аспаптарды және аппаратураны бөлшектеу және тасымалдауға дайындау

4 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясы №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер

1	Геофизикалық жабдықтар, аспаптар және аппаратура	Бақылау-өлшеу аспаптары, слесарь құрал-саймандар	<p>1-1) Ұйымның стационарлық базаларында жоспарлы техникалық қызмет жасауды орындау.</p> <p>1-2) Далалық базалардағы (жұмыс өндірісі жүргізілетін жерлердегі) геофизикалық жабдықтар, аспаптар, аппаратура және жеке тораптарды күнделікті жоспардан тыс жөндеу жасау.</p> <p>1-3) Ұсақ геофизикалық жабдықтар, аспаптар және аппаратураны жинау, бөлшектеу, баптау, реттеу және сынау.</p> <p>1-4) Ұқсас сейсмикалық, электрлік барлау, каротаждық, газ-каротаждық және басқа геофизикалық станциялар, гравиметрлер, гравитациялық вариометрлер, аэромагнитомерлер, потенциометрлер, сейсмикалық қабылдағыштар және басқа да геофизикалық жабдықтар, аспаптар, аппаратура және құрылғыларды баптау және жөндеу</p> <p>1-5) Геофизикалық аспаптар, аппаратура және цифрлық тіркемесі бар құрылғыларды баптау және жөндеу</p> <p>1-6) Геофизикалық жабдықты, аппаратураны және аспаптарды жинау, бөлшектеу, баптау, реттеу, сынау және эталондау</p> <p>1-1) Ұқсас геофизикалық жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны жер</p>

2	Геофизикалық жабдықтар, аспаптар және аппаратура	Бақылау-өлшеу аспаптары, дәнекерлегіш, қысқыш, слесарь құрал-сайман.	<p>үсті геофизикалық зерттеулерге арналған далалық жұмыстарға құрастыру және дайындау</p> <p>3-2) Ұқсас геофизикалық жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны ұңғымалық геофизикалық зерттеулерге арналған далалық жұмыстарға құрастыру және дайындау</p> <p>3-3) Ұқсас геофизикалық жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны жер асты геофизикалық зерттеулерге арналған далалық жұмыстарға құрастыру және дайындау.</p> <p>3-4) Цифрлық жер үсті геофизикалық жабдықтарды далалық жұмыстар процесінде жөндеу және баптау.</p> <p>3-5) Цифрлық ұңғымалық геофизикалық жабдықтарды далалық жұмыстар процесінде жөндеу және баптау</p> <p>3-6) Цифрлық жер асты геофизикалық жабдықтарды далалық жұмыстар процесінде жөндеу және баптау</p>
3	Геофизикалық жабдықтар, аспаптар және аппаратура	Бақылау-өлшеу аспаптары, дәнекерлегіш, қысқыш, слесарь құрал-сайман.	<p>3-1) Ұқсас геофизикалық жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны жер үсті геофизикалық зерттеулерге арналған далалық жұмыстарға құрастыру және дайындау</p> <p>3-2) Ұқсас геофизикалық жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны ұңғымалық геофизикалық зерттеулерге арналған далалық жұмыстарға</p>

		кұрастыру және дайындау
		1-3) Ұқсас геофизикалық жабдықтарды, аспаптар мен аппаратураны жер асты геофизикалық зерттеулерге арналған далалық жұмыстарға құрастыру және дайындау.

5 Кесте. СБШ 3-деңгейі геофизикалық аппаратураны реттеуші құзыретіне қойылатын талаптар

міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білім
1-1) 1-2) 1-3) 2-1) 2-2) 2-3) 3-1) 3-2) 3-3)	Геофизикалық зерттеу жүргізетін техникалық және басқа да көмекші құралдарды дайындау және геофизикалық жұмыстарды аяқтау процестерін іске асыруда қойылған міндеттердің орындалуына жауапкершілікті, өМ еркімен жоспарлауды көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызметатқарымдарды іске асыру үшін шектеулі жауапкершілік пен белгілі бір дербестік дәрежесін көздейтін, басшылықпен норманы іске асыру бойынша орындаушылық	Геофизикалық жабдықты, аппаратураны және аспаптарды бөлшектеу және жинау кезіндегі практикалық дағдылар, техникалық қызмет жасау, жөндеу қағидасы мен технологиясы. Геофизикалық және жеке тораптарды баптау және реттеу, дәнекерлеу жұмыстарын орындау тәсілдері.	Электрлік және радиотехника, электроника негіздері; принциптік электрлік және радиосхемалар, геофизикалық аспаптар, аппаратураны, олардың құрылысы мен кешендерін баптау, реттеу, эталондау технологиясы мен қағидасы. АЦТ (аналогтық-цифрлық түрлендіргіштер) және ЦАТ (цифрлық-аналогтық түрлендіргіштер) жөндеу және баптау негіздері; геофизикалық станциялар, аспаптар, аппаратура және басқа да құрылғыларды бөлшектеу және жинау түрлері, құрылысы, тіртібі, тәсілдері

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің

Каротажшы

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптауышы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышы	
Базалық топ	7610 "Геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар кәсіптері"
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	5-шығаралым, 2-бөлім Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар, 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 124-ө-м (ӘМ 2012.02.05. № 7611)
БТБА бойынша мамандық	Минералдар мен түпшаймаларды байытушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3,4	4-5, 6-7

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Экономиканың әр түрлі салаларына (мұнай-газ, тау-кен өндіру, инженерлік құрылыстар салу, экология және т.б.) геологиялық қызметтер көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Далалық еңбек жағдайы. Ауыр көтеру, жоғары немесе төмен ауа температурасы және ылғалдылық, күн сәулесі	
Жұмысқа рұқсат беру	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Каротаждау станциясының машинисі 2-деңгейінде 1 жыл
4	Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 1 жыл

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	жабдықты ұңғымалық геофизикалық жұмыстарға дайындау

2	далалық жұмыстарды ұңғымалық геофизикалық зерттеу әдістерімен жүргізу
3	жабдықты бөлшектеу және далалық жұмыс салдарларын жою

4 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясы №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Ұңғымалық геофизикалық жабдықтар мен аспаптар, бекіністік құрал-саймандар	Геофизикалық жабдықтарды қаптау, тасымалдау және оны жұмыс орнына орнату схемалары Саймандар (тістеуіктер, бұрағыштар және басқ.), бақылау-өлшеу аспаптары (тестерлер, омметрлер)	<p>1-1) Геофизикалық жабдықты тиеу, оны жұмыс орнына тасымалдау және жұмыс орнына жеткізілген соң түсіру жұмыстарына қатысу. Жабдыққа арналған алаңдар мен тұрақ орындарын дайындау.</p> <p>1-2) Геофизикалық жабдықты, аппаратураны аспаптарды құрастыру және далалық жұмыстарға (профилактикалық қызмет көрсету және жөндеу, қуат беру көзіне қосу) дайындауға қатысу</p> <p>1-3) Тереңдігі 1000 метрден артық 4000 метрге дейінгі ұңғымаларды, сонымен қатар тереңдігі 1500 метрге дейінгі көлбеу бағыттағы ұңғымаларды зерттеуге арналған геофизикалық жабдықты, аппаратураны және аспаптарды құрастыру және дайындауға қатысу</p> <p>1-4) Тереңдігі 4000 метрден артық 5000 метрге дейінгі ұңғымаларды, сонымен қатар тереңдігі 1500 метрге дейінгі көлбеу бағыттағы ұңғымаларды зерттеуге арналған геофизикалық жабдықты, аппаратураны және аспаптарды құрастыру және дайындауға қатысу.</p>

			<p>1-5) Тереңдігі 5000 метрден артық ұңғымаларды, сонымен қатар тереңдігі 1500 метрден артық көлденең ұңғымаларды зерттеуге арналған геофизикалық жабдықты, аппаратураны және аспаптарды құрастыру және дайындауға қатысу.</p>
2	<p>Ұңғымалық геофизикалық жабдықтар мен аспаптар, бекіністік құрал-саймандар</p>	<p>Каротаждық станция</p>	<p>2-1) Тереңдігі 1000 метрге дейінгі бұрғылау ұңғымаларында тау жыныстарына геофизикалық зерттеу жүргізу үшін каротаждау, пневмо-өңдеу, перфорация және торпедалау бойынша жұмыстарды орындау.</p> <p>2-2) Тереңдігі 1000 метрден артық 4000 метрге дейінгі бұрғылау ұңғымаларында, сонымен қатар тереңдігі 1500 метрге дейінгі көлбеу бағыттағы ұңғымаларда каротаждау, пневмо-өңдеу, перфорация және торпедалау бойынша жұмыстарды орындау</p> <p>2-3) Тереңдігі 4000 метрден артық 5000 метрге дейінгі бұрғылау ұңғымаларында, сонымен қатар тереңдігі 1500 метрге дейінгі көлбеу бағыттағы ұңғымаларда каротаждау, перфорация және торпедалау бойынша жұмыстарды орындау</p> <p>2-4) Тереңдігі 5000 метрден артық бұрғылау ұңғымаларында, сонымен қатар тереңдігі 1500 метрге дейінгі көлденең ұңғымаларда каротаждау, перфорация және торпедалау бойынша жұмыстарды орындау</p>

3	Геофизикалық жабдық	Геофизикалық жұмыстарды қысқарту схемасы	3-1) Аппаратура мен жабдықты ажырату, ұңғымадан көтеріп шығару, түсіру және тасымалдау (көшіру).
	Тұрақ, өлшеу және жару орны (ұңғыма, теспе)	Жою схемасы, бекіністік құрал-саймандар	3-2) Ұңғымалық және геофизикалық жабдықты алаңнан және тұрақ орындарынан алып тастау
	Геофизикалық жабдықтар (датчиктер), жабдықтар, станциялар	ГФ жабдықты тасымалдау схемасы	3-3) Ұңғымалық геофизикалық жабдықты тиеу

5 Кесте. СБШ 3-деңгейі каротажшы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білім
1-1) 1-2) 2-1) 3-1) 3-2) 3-3)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өМ еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, геофизикалық зерттеу әдістерімендалалық жұмыстарды жүргізу үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Слесарь құрал-саймандар, бақылау-өлшеу аспаптарымен практикалық жұмыс істеу дағдылары. Электр тізбектердегі (желілердегі) ақауларды практикалық айқындау тәжірибесі. 1000 метр тереңдікке дейін геофизикалық зерттеу жүргізу. Ұңғымалық геофизикалық тіркеу аспаптары мен физикалық өрістің сәуле шығарғышын практикалық құрастыру және бөлшектеу дағдылары. Тиеу-түсіру жұмыстарының практикалық дағдысы	Бұрғылау ұңғымалары және олардың құрылысы туралы негізгі ұғым, ұңғымаларда әр түрлі геофизикалық зерттеу жүргізуді орындау тәртібі, тереңдігі 1000 метрге дейінгі ұңғымаларда каротаждау, перфорациялау, торпедолау және геофизикалық зерттеу жүргізу кезінде пайдаланылатын жабдықтар, аппаратура және торпедоларды пайдалану, құрастыру және бөлшектеу түрлері, құрылысы және қағидасы

6 Кесте. СБШ 3-деңгейі каротажшы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білімі
1-3) 1-4) 2-5)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өМ еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, геофизикалық зерттеу әдістері мендалалық жұмыстарды жүргізу	Тереңдігі 1000 метрге дейінгі ұңғымалық геофизикалық зерттеулер жүргізу кезіндегі	Тереңдігі 1000 метрден артық ұңғымаларда және көлбеу бағыттағы және

2-2)	бойынша негізгі атқарымдарды жүзеге асыру үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	ұңғымалық	көлденең ұңғымаларда әр
2-3)		геофизикалық жабдықтар	түрлі геофизикалық
2-4)		мен аппаратурамен практикалық жұмыс істеу дағдысы.	зерттеу түрлерін орындау тәртібі.

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау"
кәсіби стандартына 6 Қосымша

Зертханашы-радиометрист

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптаушы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптаушы	
Базалық топ	7214 "Зертханашы-радиометрист"
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	1-шығарылым. Халық шаруашылығы салаларына ортақ жұмысшы кәсіптері, 2009 жылғы 30 қарашадағы №343-п
БТБА бойынша мамандық	Зертханашы-радиометрист
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4
4	5-6

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша болуы мүмкін жұмыс орны (кәсіпорындар, ұйымдар)		Экономиканың әр түрлі салалары (мұнай-газ, тау-кен қазу, инженерлік құрылыстар салу, экология және басқалары) үшін геологиялық қызметтер көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Дала жұмыстары. Ауыр көтеру, төмен немесе жоғары ауа температурасы және ылғалдығы, күн сәулесі
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары		ҚР Заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Геофизикалық жұмыстармен айналысатын жұмысшы 2-деңгейінде 1 жыл
4	Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі және практикалық жұмыс	3-деңгейде 1 жыл

тәжірибесі немесе практикалық жұмыс
тәжірибесіз орта буын маманының біліктілігі

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Радиометрлік жабдықты далалық геофизикалық жұмыстарға дайындау
2	Далалық радиометриялық өлшеулерді жүгізу және нәтижелерін өңдеу
3	Радиометриялық өлшемдерді камеральды өңдеу

4 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

еңбек функциясы №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Радиометриялық жабдық пен аспаптар, құралдар мен бақылау-өлшеу аспаптары	Диометриялық жабдықты орау, тасымалдау және ашу схемасы	1-1) Радиометриялық жабдық пен аспаптарды құрастыру.
		Радиометриялық өлшемдерді жүргізу әдістемесі	1-2) Радиометриялық жабдық пен аспапты құрастыру
			2-1) Радиоактивті заттардың шығарылуы мен тасталуын өлшеу және бағалау. Радиоактивті сәулелерді кешенді радиометриялық өлшеу
			2-2) Түрлі қондырғыларда сынамаларды радиометриялық өлшеу. Жұмыс беттерінің, жабдықтың, көлік құралдарының, жеке қоғану құралдарының, терінің және киімнің радиоактивті заттармен астануын өлшеу
		2-3) Жұмыс орындарында, шектес бөлмелерде, ұйым аумағында, санитарлық қорғау аймағында және бақылау аймағында рентген, гамма және нейтронды сәуле дозасын өлшеу	

			2-4) Қоршаған орта мен санитарлық қорғау аймағында радиоактивті ластану деңгейін анықтау
2	Калькулятор, компьютер (принтер, плоттер)	Радиометриялық өлшеу қорытындыларын өңдеу мен түсінік беру әдістемесі	3 - 1) Есептеуіш.сипаттамаларын жазу. Есептеу сипаттамаларын графикаға түсіру және жұмыс нүктесін таңдау 3-2) Радиоактивтік сәулеленудің спектрлерін амплитудалық талдауыштардан алу. Радиоактивтік сәулеленудің амплитудалық спектрлерін алумен байланысты есептеулер мен жазуларды журналдарда жүргізу. Спектрдің графикалық құрылысы 3-3) Жұтып алу және ыдырау қисықтары бойынша радиоизотоптарды идентификациялау. Математикалық статистика әдістерімен талдау нәтижелерін өңдеу
3	Калькулятор, компьютер (принтер, плоттер)	Радиоактивті сәулеленудің түрлі спектрларының интерпретациясы (түсіндірмесі)	3-4) Төмен разрядты зертханашылардың орындаған есептері мен сынамаларын қорытынды талдау. Ыстық камераларда дистанционды (манипуляторларымен жұмыс жасау. Спектрлер бойынша (үш компоненттен астам) радиоизотоптардың белсенділігін есептеу

5 Кесте. СБШ 3-деңгейі зертханашы-радиометрист құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби құзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білім

1-1) 1-2) 2-1) 3-1)	Дала жағдайында радиометриялық зертте жүргізу үшін жауапкершілікті, өМ еркімен жоспарлауды көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жинақылық, саусақтардың жылдам кимылдауы, нақтылық, назарын бір объектіге ұзақ уақыт аудару білу. Радиометриялық жабдықпен жұмыс істеу дағдысы (бөлшектеу, құрастыру)	радиоактивтік пен радиоактивтік ыдырауының негізгі теориялары; радиоактивті сәулеленудің табиғимен өзара әрекеттесуі; белсенділікті салыстырмалы өлшеудің негізгі әдістері; қайта санау қондырғыларының негізгі түйіндері мен жұмыс істеу қағидасы; радиоактивті сәулелену есептеуіштердің жұмыс істеу қағидасы; радиоактивтік заттармен жұмыс істеудің санитарлы қағидалары; электрондық аппаратура және сәулеленудің радиоактивтік көздерімен қауіпсіз жұмыс істеу қағидалары
------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

6 Кесте. СБШ 4-деңгейі зертханашы-радиометрист кұзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттердің №	Жеке және кәсіби кұзыреттер	Біліктері мен дағдылары	Білім
2-2) 2-3) 2-4) 3-2) 3-3) 3-4)	Дала жағдайында радиометриялық зертте жүргізу үшін жауапкершілікті, өМ еркімен жоспарлауды көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Радиометриялық зерттеу жұмыстарын жүргізудің практикалық дағдысы (бөлшектеу, құрастыру)	Радиоактивтік сәулелену спектрлері және спектрометриялық әдістер туралы негізгі мәліметтер; сцинтилляциялық спектрометрия әдісінің физикалық негіздері; амплитудты талдауыштардың негізгі түйіндері және жұмыс істеу қағидасы. дролы физика, радиохимия және радиоактивті сәулеленудің заттармен өзара әрекеттесуі теориясының негіздері; жартылай өткізгіш детекторлардың көмегімен радиоактивтік сәулеленудің спектрометриясының физикалық негіздері; радиоактивті сәулелену

		спектрлары түсінігінің қарапайым тәсілдері; технологиялық режимдердің параметрлері мен процестері.
--	--	----------------------------------------------------------------------------------------------------

"Пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің геофизикалық әдістерін іздеу және барлау"
кәсіби стандартына 7 Қосымша

Техник-геофизик

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптауышы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышы	
Базалық топ	7610 "Геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар кәсіптері"
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша мамандық	-
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
4	
Ұйым басшыларының, мамандарының және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
Ұйым басшыларының, мамандарының және басқа қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
	Техник-геофизик (2011 жылғы 08 маусымдағы № 179 Геология және жер қойынауын барлау ұйымдарының басшы лауазымдарының және мамандарының үлгілік біліктілік сипаттамалары)
4	-

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Экономиканың әр түрлі салаларына (мұнай-газ, тау-кен өндіру, инженерлік құрылыстар салу, экология және т.б.) геологиялық қызметтер көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Далалық еңбек жағдайы. Ауыр көтеру, жоғары немесе төмен ауа температурасы және ылғалдылық, күн сәулесі

Жұмысқа рұқсат беру		ҚР Заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2-1)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, технологиялық процесті ұйымдастыру үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Жедел, жоспарлы және жоспардан тыс диагностикалық жабдықтау. Толық жұмыс циклын басқару. Жабдықтың техникалық жағдайын бағалау	Жұмыс өндірісіндегі қауіпсіздік қағидасы бойынша нұсқау. Технологиялық процестер мен операцияларды бақылау, пайдаланылатын материалдар мен техникалық құралдардың сапасы.
	Бағынышты қызметкерлердің		

3-1)	міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, жабдық жұмысының тиімділігін бақылау және қадағалау үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Н а р я д т ы ң тапсырмаларына сәйкес технологиялық процестің сұлбаларын әзірлеу.Технологиялық циклдан ауытқуларды табу	Конструктивтік құрылғы және жабдықтың мақсаты..Техникалық регламенттерге сәйкес технологиялық процестердің әзірлемесіне қойылатын талаптар, кенжарлар сапасының негізгі көрсеткіштері.
------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы Индустрия
және
жаңа технологиялар министрінің
2013 жылғы 09 желтоқсандағы
№ 404 Бұйрығына 6-қосымша

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру" кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт:

1) еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

2) қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

3) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б. функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы.

3) еңбек қызметінің түрі – кәсіптік қызметтің негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін құрамдас бөлігі;

4) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

5) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

6) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

7) жұмыс (кәсіп) тобы – жұмыстың ұқсас түрлерін біріктіретін кәсіби жұмыстар саласы;

8) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қаблеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КС – кәсіби стандарт;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері (Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 22 қарашадағы № 371 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 желтоқсанда № 9018 тіркеді);

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): "Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру".

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру.

Кәсіби стандарт "Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру" кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1 Қосымшасында көрсетілді.

Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады: тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисі, (экскаватор, электровоз, дизельді пойыз) машинисінің көмекшісі, жол жұмысшы, кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь), электрслесарь-түйстіруші, слесарь-жөндеуші, экскаватор және бульдозер машинисі, электровоз және тепловоз машинисі, техник-механик.

3. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіп) карточкалары

Параграф 1. Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисі

9. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы: бұрғылау қондырғылардың машинисі, компрессор қондырғылардың машинисі, дірілді жүк тиейтін қондырғылардың машинисі, конвейер машинисі, уатқыш қондырғылардың машинисі, штабель құрау машинасының машинисі, толық бейінмен шахта бұрғылау бойынша қондырғылар машинисі.

11. "Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисі" кәсібі субъектіні тау-кен машиналары мен құрылғыларды жүргізу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

12. Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

13. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 2 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

14. Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 2 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

15. Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 2. Машинис көмекшісі (Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз)

16. СБШ – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

17. Мүмкін болатын лауазым атауы: экскаватор машинисінің көмекшісі, электровоз машинисінің көмекшісі, поезд дизелі машинисінің көмекшісі.

18. "Машинис көмекшісі (Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз)" кәсібі субъектіні шахта машиналарын (экскаватор, электровоз және дизельді пойызды) күту және техникалық қызмет көрсету, отын санын тексеру, электр қуатын есептеуішінің көрсеткіші, рекуперациялар, машинистің тапсырмаларын орындау сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

19. Машинис көмекшісінің (Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз) еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

20. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 3 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

21. Машинис көмекшісінің (Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз) орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 3 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

22. Машинис көмекшісінің (Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз) құзыреттеріне қойылатын талаптаросы КС 3 Қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

Параграф 3. Жол жұмысшысы

23. СБШ – 3 бойынша біліктілік деңгейі.

24. Мүмкін болатын лауазым атауы: жол жұмысшысы.

25. "Жол жұмысшысы" кәсібі субъектіні кен ошағында (карьерде) рельс жолдарын салу, жөндеу және ағымдағы қалпын сақтау кезде күрделі жұмыстар атқару. Жол ауыстыру, алшақтату, құрастыру, қолмен және балдақ балғамен оларды шпалдарға және бөренелерге бекіту сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

26. Жол жұмысшысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

27. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 4 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

28. Жол жұмысшысыныңорындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 4 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

29. Жол жұмысшысының құзыреттеріне қойылатын талаптаросы КС 4 Қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

Параграф 4. Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь)

30. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

31. Мүмкін болатын лауазым атауы: кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь).

32. "Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь)" кәсібі субъектініәртүрлі мақсаттағы және әртүрлі қиындық деңгейіндегі тау-кен жабдығын құрастыру, бөлшектеу, жөндеу, қызмет көрсету, жөндеу, сынапу, қолданысқа жіберу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

33. Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарьдың (слесарь) еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

34. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 5 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

35. Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарьдың (слесарь) орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 5 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

36. Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарьдың (слесарь) құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 5 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 5. Электрслесарь - түйстіруші

37. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

38. Мүмкін болатын лауазым атауы: электрслесарь - түйстіруші
электрслесарь - түйстіруші.

39. "Электрслесарь - түйстіруші" кәсібі субъектіні қарапайым және күрделі қорғанысы бар 10 кВ дейін және жоғары кернеудегі электрмен қамтамасыз ету объектілерін ретке келтіру сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

40. Электрслесарь - түйстірушінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

41. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 6 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

42. Электрслесарь - түйстірушінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 6 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

43. Электрслесарь - түйстірушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 6 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 6. Слесарь – жөндеуші

44. СБШ – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

45. Мүмкін болатын лауазым атауы: слесарь – жөндеуші.

46. "Слесарь – жөндеуші" кәсібі субъектінің қырғыштары бар конвейерлер, крептер және басқа тау-кен жабдықтар мен тетіктерді, тау-кен машиналарының

механикалық бөлшектерін құрастыру және бөлшектеу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

47. Слесарь – жөндеушінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

48. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 7 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

49. Слесарь – жөндеушініңорындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 7 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

50. Слесарь – жөндеушінің құзыреттеріне қойылатын талаптаросы КС 7 Қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

Параграф 7. Экскаватор және бульдозер машинисі

51. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

52. Мүмкін болатын лауазым атауы: экскаватор машинисі, бульдозер машинисі, роторлық экскаватор машинисі.

53. "Экскаватор және бульдозер машинисі" кәсіби субъектініәр түрлі, сонымен қатар, роторлық экскаваторлар және бульдозерлерді жүргізу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

54. Экскаватор және бульдозер машинисінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

55. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 8 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

56. Экскаватор және бульдозер машинисініңорындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 8 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

57. Экскаватор және бульдозер машинисінің құзыреттеріне қойылатын талаптаросы КС 8 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 8. Электровоз және тепловоз машинисі

58. СБШ – 3-4 бойынша біліктілік деңгейі.

59. Мүмкін болатын лауазым атауы: электровоз машинисі, тепловоз машинисі, электровоз машинисінің көмекшісі, тепловоз машинисінің көмекшісі.

60. "Электровоз және тепловоз машинисі" кәсібі субъектіні электровоздар мен тепловоздарды жүргізу сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 9 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

61. Электровоз және тепловоз машинисінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 9 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

62. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 9 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

63. Электровоз және тепловоз машинисінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 9 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

64. Электровоз және тепловоз машинисінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 9 Қосымшасының 5 және 6 кестесінде көрсетілді.

Параграф 9. Техник - механик

65. СБШ – 4 бойынша біліктілік деңгейі.

66. Мүмкін болатын лауазым атауы: Техник – механик, техник - технолог.

67. "Техник - механик" кәсібі субъектіні пайдалы қазбаларды шығару бойынша технологиялық үрдісті басқару және тексеру сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 10 Қосымшасының 1 кестесінде көрсетілді.

68. Техник - механигінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 10 Қосымшасының 2 кестесінде көрсетілді.

69. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 10 Қосымшасының 3 кестесінде көрсетілді.

70. Техник - механигінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 10 Қосымшасының 4 кестесінде көрсетілді.

71. Техник - механигінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 10 Қосымшасының 5 кестесінде көрсетілді.

**4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін
сертификаттар түрлері**

5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

"Personnel Recruitment Center "Career-Holdings" ЖШС

6. Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісілген күні
Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің техникалық және кәсіптік білімді және кадрлар даярлауды дамыту бойынша салалық кеңес	

7. Кәсіптік стандарттың сараптамасы және тіркелуі

Осы кәсіптік стандарт _____ бекітілді және тіркелді
Кәсіптік стандарттар тізіліміне енгізілді. Тіркеу № _____
Хат (хаттама) № _____ Күні _____

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық
түрде игеру"
кәсіби стандартына 1 Қосымша

Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

Реттік №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының бағыттары ескерілген кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес кәсіп атауы	СБШ сәйкес біліктілік деңгейі
1.	Тау-кен машиналары мен құрылғыларды жүргізу	Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисі	Бұрғылау кондырғылардың машинисі, компрессор кондырғылардың машинисі, дірілді жүк тиейтін кондырғылардың машинисі, конвейер машинисі, уатқыш кондырғылардың машинисі, штабель құрау машинасының машинисі, толық бейінмен шахта	3-4

			бұрғылау бойынша қондырғылар машинисі	
2.	Шахта машиналарын (экскаватор, электровоз және дизельді пойызды) күту және техникалық қызмет көрсету, отын санын тексеру, электр қуатын есептеушінің көрсеткіші, рекуперациялар. Машинистің тапсырмаларын орындау.	(Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз) машинисі көмекшісі	Экскаватор машинисінің көмекшісі, электровоз машинисінің көмекшісі, поезд дизелі машинисінің көмекшісі	3
3.	Кен ошағында (карьерде) рельс жолдарын салу, жөндеу және ағымдағы қалпын сақтау кезде күрделі жұмыстар атқару. Жол ауыстыру, алшақтату, құрастыру, қолмен және балдақ балғамен оларды шпалдарға және бөренелерге бекіту.	Жол жұмысшысы	Жол жұмысшысы	3
4.	Өртүрлі мақсаттағы және өртүрлі қиындық деңгейіндегі тау-кен жабдығын құрастыру, бөлшектеу, жөндеу, қызмет көрсету, жөндеу, сынау, қолданысқа жіберу	Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь)	Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь)	3-4
5.	Қарапайым және күрделі қорғанысы бар 10 кВ дейін және жоғары кернеудегі электрмен қамтамасыз ету объектілерін ретке келтіру	Электрслесарь - түйстіруші	Электрслесарь - түйстіруші Электрслесарь - түйстіруші	3-4

6.	Қырғыштары бар конвейерлер, крептер және басқа тау-кен жабдықтар мен тетіктерді, тау-кен машиналарының механикалық бөлшектерін құрастыру және бөлшектеу	Слесарь – жөндеуші	Слесарь – жөндеуші	4
7.	Әр түрлі, сонымен қатар, роторлық экскаваторлар және бульдозерлерді жүргізу	экскаватор және бульдозер машинисі	Экскаватор машинисі, бульдозер машинисі, роторлық экскаватор машинисі	3-4
8.	Электровоздар мен тепловоздарды жүргізу	электровоз және тепловоз машинисі	Электровоз машинисі, тепловоз машинисі, электровоз машинисінің көмекшісі, тепловоз машинисінің көмекшісі	3-4
9.	Пайдалы қазбаларды шығару бойынша технологиялық үрдісті басқару және тексеру	Техник - механик	Техник – механик, Техник - технолог	4

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру"
кәсіби стандартына 2 Қосымша

Тау-кен машиналар мен құрылғылары машинисі

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптауышы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышы			
Базалық топ	8113 "Ұңғымылар мен құдықтарды бұрғылаушылар және тектес кәсіптер"		
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)			
БТБА шығарылымы, бөлімі	04 шығарылым "Тау және тау құрылысы жұмыстарына ортақ мамандықтар". ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 29 сәуір № 180-ө-м бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2013 жылғы 13 мамырда № 8463 тіркелді)		
БТБА бойынша мамандық	Тау-кен қазу машинасы машинисі	Бұрғылау қондырғысының машинисі	Жерасты қондырғыларының машинисі
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары		
3	2-4	2-4	2-3

4	5-6	5-6	4
---	-----	-----	---

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Экономиканың түрлі салалары үшін пайдалы қазбаларды өндіру бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар (мұнай-газ, тау-кен өндіруші, инженерлік ғимараттар құрылысы, экология және т.б.)	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Таудағы еңбек жағдайы. Ауырды көтеру, ауа температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі, шаң және ылғалдылық, шуыл, күн радиациясының әсері	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты		ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі	
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Талап етілмейді	
4	Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 1 жыл	

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жұмыс ауысымына тапсырма алу. Тау-кен машиналары мен жабдықтары үшін жұмыс орнын дайындау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету элементтерін жеткізу
2	Тау-кен жұмыстары өндірісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету
3	Тау-кен жұмыстарының процесін орындау үшін тау-кен машиналары мен жабдықтарын басқару
4	Тау-кен жұмыстарының келесі циклдары үшін жинастыру, жұмыс орны мен жабдықтарды тәртіпке келтіру, тау-кен машиналары мен жабдықтарын сөндіру

4 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)

1		Кіші механикаландыру құралдары. Білек күші. Өндірістік тапсырмаға сәйкес слесарь құрал-саймандарының жинағы.	1-1) Тапсырманы орындауға жұмыс орны мен тау-кен машинасын және жабдықтарды дайындау. 1 - 2) Материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету
2	Тау-кен машиналары және жабдықтар	Кіші механикаландыру құралдары. Білек күші. Өндірістік тапсырмаға сәйкес слесарь құрал-саймандарының жинағы.	2-1) Жұмыс объектісі бойынша материалдарды зерттеу
3		Тау-кен жұмыстарын жүргізуге арналған тапсырмалар	3-1) Тау-кен жұмыстарын жүргізу тапсырмасына сәйкес тау-кен жабдығын ұйымдастыру мен басқару.
4		Кіші механикаландыру құралдары. Білек күші. Өндірістік тапсырмаға сәйкес слесарь құрал-саймандарының жинағы.	4-1) Тау-кен машинасы мен жабдықтарын өшіру, жабдықтарды келесі ауысымға өткізу

5 Кесте. СБШ 3-деңгейі бойынша тау-кен машиналары мен қондырғылары машинисінің құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1)	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және тау-кен жұмыстарын ұйымдастыру кезінде басшылардың нұсқауларын орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша	Тиеу-түсіру жұмыстарының практикалық дағдылары. Мінез-құлық әдебін сақтау. Диагностика жасау, өткізу-жөндеу жұмыстарын жүргізу. Жазатайым оқиғаларда дәрігерге дейінгі көмек көрсету.	Құрал- жабдықтарды және аспаптарды сақтау, қолдану және тасымалдауқағидаларын, құрастыру және слесарь құрал-саймандарымен жұмыс істеудің негізгі тәсілдері. Тау-кен шахтасы жабдығы мен машиналардың құрылысы және жұмыс істеу қағидаты, оларды пайдалану қағидалары, сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен

			қағидаларының талаптары. Ішкі тәртіп ережесі.
1-2)	Түрлі жұмыстарды жүргізуге арналған техникалық және қосалқы құралдарды дайындау және баптау; жабдықты күтіп ұстау, оның жұмысындағы елеусіз ақауларды анықтау және жою бойынша қойылған міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Түрлі жұмыс түрлерін жасау үшін жабдықтармен және тетіктермен жұмыс жасаудың практикалық дағдылары	Жабдықтар мен аспаптардың құрылысы және жұмыс істеу қағидаты, оларды пайдалану қағидалары, сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары.
2-1)	Түрлі үлгідегі бұрғылау станоктары мен тау-кен кондырғыларын басқаруды, ұңғыманы игеру, өткізу, бұрғылау нарядының талаптарын орындау, пайдалы қазбаларды шығару, өткізу, бұрғылаудың технологиялық параметрлерін қолдау және бақылау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Түрлі жұмыс түрлерін жасау үшін жабдықтармен және тетіктермен жұмыс жасаудың практикалық дағдылары	Жабдықтар мен аспаптардың құрылысы және жұмыс істеу қағидаты, оларды пайдалану қағидалары, сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары.
3-1)	Түрлі үлгідегі бұрғылау станоктары мен тау-кен кондырғыларын басқаруды орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Түрлі жұмыс түрлерін жасау үшін жабдықтармен және тетіктермен жұмыс жасаудың практикалық дағдылары	Жабдықтар мен аспаптардың құрылысы және жұмыс істеу қағидаты, оларды пайдалану қағидалары, сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары.

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру"
кәсіби стандартына 3 Қосымша

Машинис көмекшісі (Экскаватор, электровоз, дизельді пойыз)

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптауышы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышы		
Базалық топ	8113 "Ұнғымылар мен құдықтарды бұрғылаушылар және тектес кәсіптер"	
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамалары (ҮБС)		
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар	
	Дизельді пойыз машинисінің көмекшісі (Жұмысшы мамандықтарының, қызметкерлер лауазымдарының жалпы одақтық жіктеуші мен тарифтік разрядтары, код: 16856, (ҚР ЕХӘҚМ 1997.22.10. №181-п бұйрығы))	Помощник машиниста электровоза (Жұмысшы мамандықтарының, қызметкерлер лауазымдарының жалпы одақтық жіктеуші мен тарифтік разрядтары, код: 16885, (ҚР ЕХӘҚМ 1997.22.10. №181-п бұйрығы))
3	-	-

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Тау-кен кәсіпорындары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Жерасты еңбек жағдайы. Ауырды көтеру, ауа температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі, шаң және ылғалдылық	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Талап етілмейді

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жүктер мен адамдарды тасымалдауға арналған карьермашиналарын (экскаваторлар, электровоздар және дизельді пойыздар) дайындау
2	(Экскаваторлар, электровоздар және дизельді пойыздар) карьер машиналарды күту және техникалық қызмет көрсету, отын санын тексеру, электр қуатын есептеушінің көрсеткіші, рекуперациялар. Машинистің тапсырмасын орындайды.
	Тұраққа шахта локомотивтерінің карьер машиналарын тапсыру (экскаваторлар,

3

электровоздар және дизельді пойыздар) және орындалған жұмыстардың техникалық құжаттамаларын жасау

4 кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер
1	С л е с а р ь құрал-саймандары	Жүру маршруттарының схемасы Экскаваторлау тапсырмасы	1-1) Тұрақта қабылдау кезінде локомотивті соңғы рет тексеру
			1-2) Отын санын тексеру, электр қуатын есептеушінің көрсеткіші, рекуперациялар
			1-3) Локомотивті құрамға тіркеу кезде тежегіш магистральдің жеңдерін жалғау
2			2-1) Жолдың бос болуын және сигналдарды, құрамның жағдайын, забой жағдайын байқау.
			2-2) Машиниске бағдаршамдардың сигналдары, кезекшілердің сигналдары, жол аралықтағы және станциялық жолдарда қозғалыс жылдамдығы туралы, жылдамдық шектеу жердердегі поездар және олардың жүрген жолы туралы хабарлау
			2-3) Локомотив жабдықтарының жұмыс істеуін тексеру, кейін оның нәтижесін машиниске хабарлау.
3			3-1) Локомотивті құрамнан ажырату
			3-2) Дизельден немесе жүк трансформатордың түпқоймасынан майды сұрту, ТО-1 пункттерін атқару
			3-3) Машиналарды тұраққа тапсыру және орындалған жұмыстардың

		техникалық құжаттамасын ресімдеу
--	--	----------------------------------

5 кесте. СБШ 3-деңгейінің экскаватор, электровоз және дизельді пойыз машинисінің көмекшісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1) 1-2) 1-3) 3-1) 3-2) 3-3)	Машиналарды жұмысқа дайындау бойынша қосымша функцияларды орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	С л е с а р ь құрал-саймандарымен жұмыс істеудегі практикалық дағдылар, слесарлық жұмыстарды жүргізу, машиналарды ақауларын табу және жою, радиобайланысты пайдалану	Электр техникасы, материал жүргізу негіздері. Өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары
2-1) 2-2) 2-3)	Машиналардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету бойынша негізгі функцияларды іске асыру міндеттерін орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	С л е с а р ь құрал-саймандарыды қолданудағы практикалық дағдылар	Темір жол, жабдықтарды және локомотивті қолдану қағидалары, қауіпсіздік техника қағидалары, өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру"
кәсіби стандартына 4 Қосымша

Жол жұмысшысы

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптаушы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптаушы	
Базалық топ	7111 – Тау-кен жұмысшылары және жерісты және ашық тәсілдермен пацдалы қазбаларды өндіру жөніндегі басқа кәсіптер жұмысшылары
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	04 шығарылым "Тау және тау құрылысы жұмыстарына ортақ мамандықтар". ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 29 сәуір № 180-ө-м бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2013 жылғы 13 мамырда № 8463 тіркелді)
БТБА бойынша мамандық	Жол жұмысшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
3	2-4

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Тау-кен кәсіпорындары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Жерасты және ашық еңбек жағдайы. Ауырды көтеру, ауа температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі, шаң және ылғалдылық	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Талап етілмейді

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Құралды жұмысқа дайындау
2	Рельс жолдары мен бағыттағыш бұрмасын құрастыру мен бөлшектеу, оларды шпалға және бөренелерге бекіту
3	Рельс жолдары мен бағыттағыш бұрмасының нормаларға және сапасының сәйкестігі

4 кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер
1	Тапсырмаға сәйкес слесарь құрал-саймандары құрамы	Жолдар құрастыру ережесі	1-1) Материалдар мен жабдықтарды орналастыру үшін орынды дпйындау 1-2) Тау-кен қазбалары қабылдау-жіберу алаңдарында материалдар мен жабдықтарды қабылдау, тиеу, апару және белгіленген жерлерде тетіктер арқылы және қолмен түсіру
2			2-1) Рельс жолдары мен бағыттағыш бұрмасы, көмекші жабдықтарды, жабдықтардың карьер жолдарын құру кезде

	Тапсырмаға сәйкес слесарь құрал-саймандары құрамы	Рельс жолдары мен бағыттағыш бұрмасын орнату және жөндеу жұмыстары бойынша ереже мен техникалық құжаттама	қолданылатын, қондырғылар мен жарактарды құрастыру және бөлу.
3			3-1) Кезекті қабылдау және тапсыру бойынша жұмыстар, жұмыс орнын, жарактарды, құрал-саймандарды тазалау, сонымен қатар, оларды қалыпты жағдайдасақтау, жабдықтарды тазалау

5 кесте. СБШ 3-деңгейінің жол жұмысшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1) 1-2) 3-1)	Карьерлік жолдар мен жабдықты құрастыру мен бөлшектеуге дайындау бойынша қосымша функцияларды орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Электрслесарь құрал-саймандарымен жұмыс жасаудың практикалық дағдылары	Тау-кен ісінің негіздері; құрылатын және қызмет көрсететін жолдар мен жарактарды орнату, белгілеу және техникалық сипаттамалары; такелаждық тетіктерді орнату және бекіту ережесі; жүктерді, бөлшектерді, тораптардыбуып байлау және бекіту әдістері; қызмет көрсететін тетіктерге, жарактарға, тіркеу құралдарына рұқсат етілетін жүктеме; құрастыру жұмыстарын жүргізу тәртібі, өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары
	Жабдықты құрастыру мен бөлшектеуге		Құрылатын және қызмет көрсететін жолдар мен жарактарды, тетіктерді, электр қондырғыларын, автоматика құралдарын, қашықтан басқару мен басқа жабдықтарды орнату, белгілеу және техникалық сипаттамалары, оларды құрастыру, бөлу, реттеу,

2-1)	дайындау бойынша қосымша функцияларды орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Электрслесарь құрал-саймандарымен жұмыс жасаудың практикалық дағдылары	жөндеу және жұмыс істеуін тексеріп көру әдістері; жұмыс істеу режимін, жүктемені, қызмет көрсететін жабдықтың жұмыс істеуін тексеріп көру процесінде қолдану сипаттамасын және диаграммалар алу; жоғары нақтылықпен бақылау-өлшеуіш саймандарды орнату және оларды қолдану қағидасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары
------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру"
кәсіби стандартына 5 Қосымша

Кезекші және жабдықты жөндеу бойынша электрслесарь (слесарь)

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптаушы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптаушы	
Базалық топ	7233 "Өнеркәсіптік жабдықтардың слесарь-механиктері, слесарь-жинаушылары және слесарь-жөндеушілері" 7150 "Шахталар (рудниктер) мен карьерлер (разрездер), метрополитендр, тоннельдер және арнайы белгіленген жерасты имараттарын салумен айналысатын жұмысшылар"
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	04 шығарылым "Тау және тау құрылысы жұмыстарына ортақ мамандықтар". ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 29 сәуір №180-ө-м бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2013 жылғы 13 мамырда №8463 тіркелді)
БТБА бойынша мамандық	Жабдықты жөндеу жөніндегі электрслесарь
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
3	3-5
4	6-7

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Тау-кен кәсіпорындары
--------------------------------------------------------------------	-----------------------

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Жерасты еңбек жағдайы. Ауырды көтеру, ауа температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі, шаң және ылғалдылық	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Талап етілмейді
4	Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 1 жыл

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Тау-кен жабдығын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге дайындау
2	Өртүрлі мақсатта қолданылатын және күрделілік дәрежесі әртүрлі тау-кен жабдығын құрастыру, бөлу, жөндеу
3	Тау-кен жабдығын сынамау мен қолданысқа беру және ілеспе құжаттарды жасау

4 кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер
1	Электрслесарь құрал-саймандары жиынтығы	Жұмыс істеуге рұқсат беру ережесі	1-1) Тау-кен жабдығын сөндіру
			1-2) Тау-кен жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге дайындау (шаң мен лайдан тазалау, жабдыққа өтуді қамтамасыз ету және т.б.)
			1-3) Тау-кен жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету үшін электрслесардың жұмыс орнын дайындау
			2-1) Тау-кен жабдығын бөлу
			2-2) Тау-кен жабдығын жөндеу және өңдеу, бақылау-өлшеу

			<p>құралдарын, манометрлерді, вольтметрлерді, амперметрлерді ауыстыру және іске қосу</p>
	<p>Электрслесарь құрал-саймандарыжиынтығы</p>	<p>Тиісті тау-кен жабдығын және өлшеу құралдарын құрастыру, бөлу, жөндеу және өңдеу қағидасы мен техникалық құжаттамасы</p>	<p>2-3) Қайта жасау қондырғыларын, аралық станциялар, ДОБ (дабылдама, орталықтандыру және блоктау) және рельс көлігінің автоматтандырылған бағдаршам блокадалау (АББ) құралдарына техникалық қызмет көрсету</p>
			<p>2-4) Күрделі машиналарға, тораптарға және тетіктерге, аппаратураға, бақылау-өлшеу құралдарына, автоматтандырылған қондырғыларға, телемеханика құралдарына, механикалық және электр бөлшектерге техникалық қызмет көрсету</p>
			<p>2-5) Аса күрделі машиналарға, тораптарға және тетіктерге, аппаратураға, тексеру-өшеу құралдарына техникалық қызмет көрсету. Электронды, телемеханикалық радиорелелік аппаратураларды, изотоптық реле құрылғылары, асинхрондық-үйлесімделген реттегіш электр жетегін реттеу және сынау.</p>
			<p>2-6) Күрделі аппараттарға, машиналарға, тетіктерге, аппаратураға, электронды басқару жүйесі мен схемасы бар электр жетектеріне</p>

		техникалық қызмет көрсету. Тиристорлық қоздыру электронды блоктарын, микропроцессорлық бағдарланатын контроллер негізінде реттелетін электр жетегінің автоматтандырылған жүйесін (асинхрондық және синхрондық) баптау және сынау
3		3-1) Тау-кен жабдығынсынамалау көру және пайдалануға беру 3-2) Ілеспе құжаттамаларды жасау

5 кесте. СБШ 3-деңгейінің кезекші және жабдықты жөндеу жөніндегі электрслесарінің құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1) 1-2) 1-3) 2-1) 2-2) 2-3) 3-1) 3-2)	Тау-кен жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін техникалық және басқа қосалқы құралдарды дайындау процестерін іске асыруда қойылған міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Слесарь құрал-саймандары мен бақылау-өлшеу құралдармен жұмыс істеудегі практикалық дағдылар	Қызмет көрсететін машиналар, механизмдер және электр аппаратурасының масқаты, техникалық сипаттамасы, оларға техникалық қызмет көрсетуі нормалары мен көлемдері, өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары

6 кесте. СБШ 4-деңгейінің кезекші және жабдықты жөндеу жөніндегі электрслесарінің құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, тау-кен жабдығына		Қызмет көрсететін машиналар, механизмдер және электр аппаратурасының

2-4) 2-5) 2-6)	техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін техникалық және басқа қосалқы құралдарды дайындау үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	С л е с а р ь құрал-саймандары мен бақылау-өлшеу құралдармен жұмыс істеудегі практикалық дағдылар	масқаты, техникалық сипаттамасы, оларға техникалық қызмет көрсетуі нормалары мен көлемдері, өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары
----------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру"
кәсіби стандартына 6 Қосымша

Электрслесарь – түйстіруші

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

"Қызметтер сыныптауышы" 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышы	
Базалық топ	7233 "Өнеркәсіптік жабдықтардың слесарьмеханиктері, слесарьөжинаушылары және слесарьжөндеушілері"
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамалары	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
	Электрслесарь-түйстіруші (Жұмысшы мамандықтарының, қызметкерлер лауазымдарының жалпы одақтық жіктеуіші мен тарифтік разрядтары, код: 19910, (ҚР ЕХӘҚМ 1997.22.10. № 181-п бұйрығы)
3	2
4	3-4

2 Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Тау-кен кәсіпорындары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Жерасты еңбек жағдайы. Ауырды көтеру, ауа температурасының жоғарылауы немесе төмендеуі, шаң және ылғалдылық	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі	Талап етілмейді
	Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі және практикалық жұмыс	

4	тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 1 жыл
---	---------------------------------------------------------------------------------	------------------

3 Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Тау-кен өнеркәсібін электр қуатымен қамтамасыз ету объектілерін жөндеуге дайындық
2	Кернеуі 10 кВ дейін және одан жоғары қарапайым және күрделі қорғанысы бары электрмен жабдықтау объектілерін ретке келтіру
3	Электр қуатымен қамтамасыз ету объектілерін қолданысқа беру және тиісті ілеспе құжаттарды жасау

4 кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер
1	Электрслесарь құрал-саймандардың жиынтығы	Электр қондырғыларын орнату қағидалары	1-1) Электрмен жабдықтау объектісін электр қуатынан ажырату
			1-2) Электрмен жабдықтау объектісін ретке келтіруге дайындау (шаң мен лайдан тазарту, жабдықтау өтуді қамтамасыз ету және т.б.)
			1-3) Электрмен жабдықтау объектісін ретке келтіру үшін электрмонтаждаушы-ретке келтіруші жұмыс орнын дайындау
			2-1) 1 кВ дейін кернеудегі тау-кен өнеркәсібінің электрмен жабдықтау объектісін, сондай-ақ қарапайым басқару схемалары бар 1 кВ дейінгі ауыспалы ток электр жетектерін ретке келтіру
			2-2) Амперметрлер, вольтметрлер, есептеуіштер, оқшаулауды тексеру құралдарының іске қосылуын тексеру.

Электрслесарь
кұрал-саймандардың
жиынтығы

Өртүрлі қиындықтағы
электрмен қамтамасыз
ететін объектілерді
жөндеудің ережесі мен
техникалық құжаттамасы
. Өндеу жұмыстарын
жасаған кезде өлшеу
және тексеру схемалары.
Электр қондырғыларын
орнату ережесі

Автоматтандырылған
сөндіргіштер мен
магниттік іске
қосқыштардыңмаксималд
ы және жылу қорғанысын
тексеру. Қысқа-бекітулі
роторы бар ауыспалы
токтың электр жетегін
басқару схемасын
тексеру. Ток пен
кернеудің электр
магниттік релесін баптау

2-3) Өнеркәсіптік және
азаматтық құрылыста
кернеуі 10 кВ дейінгі
қарапайым қорғалған
электрмен жабдықтау
объектілерін ретке келтіру
. Кернеуі 10 кВ дейінгі
тура қосылатын
ауыспалы ток
электржетегін ретке
келтіру.

2-4) Тау-кен
кәсіпорындарында
күрделі реле қорғанысы
бар электрмен жабдықтау
объектілерін ретке
келтіру. Автоматика
элементтері баркернеуі
10 кВ дейінгі ауыспалы
ток электр жетектерін,
релелік-түйіспелік
басқару және реттеу
схемасы бар тұрақты ток
электр жетектерін ретке
келтіру. Бағытталған
қорғанысы бар,
трансформаторлары мен
қозғалтқыштарының
сараланған қорғанысы
бар кернеуі 10 Кв дейінгі
фидерлерді ретке келтіру

2-5) Қуаты 1000 кВА
және кернеуі 10 кВ
дейінгі жиынтықты
трансформаторлық
қосалқы станциялардың (
ЖТҚС) реле қорғанысы
мен басқару схемаларын
тексеру. Электрмен
жабдықтау және
ағынды-көліктік жүйелер

			<p>объектілерінің диспетчерлік басқару және дабылдама жүйесін ретке келтіру. Төмен разрядтағы электр монтаждаушы-ретке келтірушілерді басқару</p> <p>2-6) Тұрақты токтың реттемейтін көздерін жөндеу: қуат көздері (В П Т, Б П Н), аккумуляторбатареялары. К ү ш т і к трансформаторлар мен қозғалтқыштардың сараланған және бағытталған қорғанысын ретке келтіру. Тұрақты токты жедел басқарудың күрделі схемаларын, қуаты 500 кВт дейінгі жартылай жетекті және машина агрегаттарын ретке келтіру. Төмен разрядтағы электр монтаждаушы-ретке келтірушіні басқару.</p>
3	Электрслесарь құрал-саймандардың жиынтығы	Тиісті тау-кен жабдығын сынау және тапсыру қағидасы мен техникалық құжаттамасы	<p>3-1) Тау-кен жабдығынсынамалау көру және пайдалануға беру</p> <p>3-2) Ілеспе құжаттамаларды жасау</p> <p>3-3) Белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу</p>

5 кесте. СБШ 3-деңгейінің электрслесарь-түйістірушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1) 1-2) 1-3) 3-1) 3-2) 3-3)	Тау-кен кәсіпорны объектілерін реттеу жұмыстарын дайындау бойынша негізгі функцияларды іске асыруда қойылған міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру	Электрслесарь құрал-саймандары мен бақылау-өлшеу құралдарымен жұмыс істеуде практикалық дағдылар	Электр техникасының негіздері. Электр өлшеу құралдардың, электр машиналардың және аппараттардың жұмыс мақсаты және қағидаты.

	бойынша орындаушылық қызмет		Электр схемаларының элементтерінің негізгі графикалық белгілері.
2-1) 2-2) 2-3)	Тау-кен кәсіпорны объектілерін реттеу жұмыстарын орындау үшін жауапкершілікті, дербес жоспарлауды көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бақылау-өлшеу құралдары және аппаратурамен, дәнекерлегішпен және басқа монтаждау құрал-саймандарымен жұмыс істеудегі практикалық дағдылар. Электр тізбектерін құрастырудың негізгі тәсілдері	Максималды ток және жылу қорғаныстарының жұмыс мақсаты, жұмыс істеу қағидаты және құрылысы. Іске қосу мен ретке келтіру жұмыстарының барысында өлшеу және сынау схемалары. Электр қондырғыларын орнату қағидалары

6 кесте. СБШ 4-деңгейінің электр слесарь-түйістірушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Еңбек міндетінің №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
2-4) 2-5) 2-6)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, тау-кен кәсіпорны объектілерін реттеу жұмыстарын дайындау бойынша негізгі функцияларды іске асыруда қойылған міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Бақылау-өлшеу құралдары және аппаратурамен, дәнекерлегішпен және басқа монтаждау құрал-саймандарымен жұмыс істеудегі практикалық дағдылар. Электр тізбектерін құрастырудың негізгі тәсілдері	Автоматика мен жартылай жетекті техниканың негіздері. Электр машиналары мен аппараттарының конструкциясы мен құрылысы. Электрмен жабдықтау және ауыспалы ток электр жетегінің сұлбалары. Электрмен жабдықтау объектілерін, оның ішінде реле қорғанысы мен және ауыспалы ток электр жетегін ретке келтіру әдістері. ретке Ретке келтіру кезінде қолданылатын аспаптың үлгілері мен техникалық сипаттамалары. өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптары

"Пайдалы қазбалар кен орнын ашық түрде игеру"
